

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Тегісшілдік ауылдық округінің әкімінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 мамырда № 28040 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Тегісшілдік ауылдық округінің әкімінің 2022 жылғы 7 шілдедегі № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Тегісшілдік ауылдық округінің әкімінің 07.07.2022 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7 )-тармақшасына сәйкес, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 18 наурыздағы № 06-05-02-16/137 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Тегісшілдік ауылдық округінің Қарынши ауылының аумағында ірі қара малдарының арасынан жұқпалы ринотрахеит және вирустық диарея аурулары пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Н. Қапан*